

ХАРИЖИЛІК ЖӘНЕ САЯСИ ИСЛАМ: РАДИКАЛДЫ ОЙДЫҢ ТАРИХИ-ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

¹Ботакараев Бауыржан Куанышбаевич, ²Темірбаев Талгат Тулубайұлы,
³Темірбаева Әйгерім Алматқызы, ⁴Мадалиев Тахиржан Пархатжанұлы

¹bake.kaz.tr@gmail.com, ²talgat.temirbayev@gmail.com,
³temirbayeva.aygerim@gmail.com, ⁴takhirzhan.madaliyev@mail.ru

^{1,2,3}Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті
(Алматы, Қазақстан)

⁴ҚР ИИМ М. Есболатов атындағы Алматы академиясы
(Алматы, Қазақстан)

¹Botakarayev Bauyrzhan, ²Temirbayev Talgat, ³Temirbayeva Aygerim,
⁴Madaliyev Tahirzhan

¹bake.kaz.tr@gmail.com, ²talgat.temirbayev@gmail.com,
³temirbayeva.aygerim@gmail.com, ⁴takhirzhan.madaliyev@mail.ru

^{1,2,3}Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak
(Almaty, Kazakhstan)

⁴Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan M. Esbolatov
Almaty Academy (Almaty, Kazakhstan)

Аңдатпа. Харижилік – ислам тарихында ерте пайда болған және саяси исламның алғашқы үлгілерінің бірі болып саналатын ағымдардың бірі. Әли мен Мұғауия арасындағы Сыффин шайқасынан кейін болған Хәкам оқиғасы харижилердің дүниеге келуіне жол ашты. Бұл топ Әлидің төрешінің шешімін қабылдауын исламның негізгі қағидаларынан ауытқу деп санап, оған қарсы шықты. Харижилер «Үкім тек Аллаға тән» (Лә хукма илла лилла) қағидасын ұстанған харижилер адам қолымен жасалған әртүрлі саяси шешімдер мен билікті жоққа шығарды. Харижилік тек саяси ағым ғана емес, сонымен қатар діни көзқарас. Олардың пікірінше, егер мұсылман басшысы әділетсіз болса немесе Құран ережелеріне қайшы әрекет жасаса, оған бағынбай керек және қажет болған жағдайда соғысу керек. Осындай қатаң көзқарастың себебінен харижилер тарих бетінен жойылғанға дейін мұсылман қауымынан шығарылып, радикалды топ ретінде саналды. Сонымен бірге харижиліктің ислам әлеміндегі теологиялық және саяси пікірталастарға терең әсер еткені айтылады. Харижилік уақыт өте келе көптеген топтарға бөлініп, ислам әлеміндегі саяси қарсылықтың алғашқы үлгілерінің бірі ретінде тарихта өз орнын алды. Әсіресе, бүгінгі радикалды ағымдармен салыстырғанда, харижилер қазіргі исламдық идеологияны түсінуде маңызды тірек болып табылады.

Харижилер исламның алғашқы кезеңдерінде саяси оппозицияны құрып, радикалды исламшыл ағымдардың одан әрі дамуына әсер еткеніне ерекше назар аударылады. Мақалада харижилер қозғалысының пайда болуындағы негізгі

себептері, ұстанымдары және таралуына әсер еткен маңызды оқиғалар жан-жақты қарастырылған. Зерттеудің мақсатына харижилер туралы бастапқы дереккөздерді талдау, олардың исламдағы саяси ойдың дамуына қосқан үлесін бағалау және олардың идеяларының кейінгі ғасырларда исламдық қозғалыстарға қалай әсер еткенін анықтау кіреді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, харижилер саны жағынан аз және қысқа бір мерзімде жақтастарының санын көбейткенімен ислам тарихы мен саяси процестеріне қатты әсер еткен.

Түйін сөздер: Ислам ағымдары, харижиттік, бүлік, псевдосалафилік, неохарижиттік.

Кіріспе

Пайғамбардан кейін мұсылмандардың шешуі керек болған алғашқы мәселесі – басшылық еді. Ансар мен Мухажыр арасында басшылықтың кімге тиесілі болатыны дауға айналды. Ансар мен Мухажырды бір-бірімен теке-тіреске алып келген басшылық мәселесі аз уақыттың ішінде соңына жетіп имамдыққа Әбу Бәкір сайланады [1, 40 б.].

Әбу Бәкір кезеңімен басталған басшылықтың «Құрайыштану» үрдісі, уақыт өте келе Оспанның басқаруымен «Әмауилану» процесінде жалғасын тапты. Бұл саясат Құрайыштан тыс тайпалардың да наразылығына ұшырады. Оған Бәну Умайядан бөлек Құрайыш тайпалары да келіп қосылды. Халифа Оспан ел басқару ісінде өзіне тәуелділігін қамтамасыз ету мен бейбітшілікті қорғау үшін елдімекен әкімдерін тағайындауда Құрайыш тайпасына емес, Әмауи тайпасына басымдылық берген. Үкіметті басқаруда Әмауилердің үстем болуы Исламнан бұрынғы Әмауи-Хашими теке-тіресін күн тәртібіне алып келді.

Хашимилерден басқа Құрайыш тайпалары басшылықтың Хашимилерге берілуін қаламады. Бұл мәселеде өте қызық бір теорияны ойлап табады. Мұхаммед пайғамбардың Құрайыш тегінен шыққанын пайдаланып, «Алла Елшісін Құрайыш тайпасынан таңдаған, олай болса үкімет басшысы да Құрайыштан болу керек» деген принципті алға тартады. Бұл көзқарас Мәдина қаласының тұрғындары болған Ансарларды сыртқа теуіп, Бәну Хашимнен бөлек, басқа Құрайыш тайпасынан шыққан адамның халифа болуына жол ашатын сипатта еді. Бұл оқиға уақыт өте келе ислам тарихындағы алғашқы бөлінушілікке, сонымен бірге діннің саясилануына алып келетін талай оқиғаларға қақпасын ашқан секілді болады.

Зерттеу әдіснамасы

Әлемде, сондай-ақ еліміздегі мешіттерге барып жүрген қарапайым мұсылмандар өздерін салафилер деп санамайды, ал теологтар өз жазбаларында Құран, Сүннет пен Ижмаға негізделген діни исламдық білімді ең дұрыс түсіндірген жол ретінде *салаф-әс-салихті* атайды. Бұл басқа дәстүрлі болып саналған сүнниттік мазхабтарды ұстанушы беделді ғалымдардың бірауызды пікірі. Әлбетте, пәннің академиялық дамуының қазіргі деңгейінде салафизмді «исламдағы діни-құқықтық мектеп» деп айту әлі де ерте [2, 7 б.].

Мақалада харижилер қозғалысының тарихи және социологиялық өлшемдерін зерттеу үшін сапалы зерттеу әдістеріне басымдық берілді. Зерттеу барысында әдебиеттерге шолу, тарихилық әдіс, салыстырмалы талдау, сыни көзқарас секілді әдіс-тәсілдер қолданылды. Әдебиеттерге шолу әдісімізде харижилік бойынша классикалық және заманауи зерттеулер зерттеліп, тақырып бойынша бар дереккөздер қарастырылды. Бұл тұрғыда ислам тарихының негізгі көздері де, қазіргі академиялық зерттеулер де пайдаланылды. Әдебиеттік шолу ислам әлеміндегі харижиттер қозғалысының пайда болуы, дамуы және әсерін тереңірек талдау мақсатында жүргізілді. Екіншіден, мақаламызда тарихилық әдіс те қолданылды. Харижилік ағымы өзінің тарихи жағдайында талқыланып, ағымның пайда болу себептері, жетекшілері, оның идеологиялық құрылымы мен уақыт бойынша эволюциясы тарихи оқиғалар мен кезеңдерге негізделіп талданды. Үшіншіден, салыстырмалы талдау әдісімізде харижиліктің басқа исламдық ағымдармен идеологиялық және теологиялық айырмашылықтарын ашу үшін салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіснама харижилер мен басқа ағымдар арасындағы негізгі айырмашылықтар жүйелі түрде талқыланады. Төртіншіден, сыни көзқарастың арқасында зерттеуде харижиліктің тарихи үдерістегі әсері объективті түрде сыни көзқараспен қарастырылды.

Саяси процесс

Ислам ағымдарының бірі ретінде «радикалды ислам», «саясиланған ислам» ұғымдарының таралуы, бүкіл әлемдегі мұсылмандарға дақ түсіріп қоймай, ұлттық қауіпсіздікке ғана емес, мемлекеттің тұтастығы мен сақталуына қауіп төндіретін негізгі мәселелердің біріне айналуға [3, 369 б.].

Халифа Оспанның тарихтан білетін он екі жылға созылған билігін ғалымдар екі кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезең – алғашқы алты жылдық. Бұл кезеңде Оспан дұрыс басқарып, ешқандай тайпаға басымдылық бермейді. Екінші кезең – фитна, түсініспеушілік, пікірталас кезеңі болды. Оспанның билігіне қарсылық туындап, сындар уақыт өте келе көбейе түсіп, халифаның жаңадан сайлану керектігіне байланысты пікірлер тарала бастады [4, 372-373 бб.]. Сахабалардың арасында «*Оспанды өлтіру арқылы Аллаға жақындауды*» ойлағандар да бар еді. Аммар б. Ясир, Мұхаммед б. Хузайфа мен Мұхаммед б. Әбу Бәкір секілді сахабалар Оспанды өлтіру керек деп үнемі айтып жүрді. Мұндай көзқарастар Ислам тарихының кейінгі беттерінде пайда болатын Харижиттердің идеологиялық көзқарастарының негізін қалайды.

Оспанның билігі кезеңінде сахабалардың бір бөлігінің екінші жартысының өлтірілуін дұрыс деп санайтын көзқарастардың көбейгені көрінеді. Тіпті халифаның «*мұсылмандығы*» мәселесі пікірталастың басты тақырыпқа айналуы және саяси көзқарастар мен иман арасындағы байланыс құрылып жатқан еді. Бұл дүниетаным моделі Оспанның өлтірілуі, Али мен Талһа, Зубайр және Айша арасындағы соғыс, Али мен Мұғауия арасындағы соғыс және Али мен Харижиттер арасындағы шайқастарға себеп болды.

Саяси жағынан кек алу жолында мұсылманның мұсылманды өлтіруі Оспан кезеңінен бастау алды. Бұл дүниетаным уақыт өте келе, Харижиттер үшін заңдылыққа айналды. Олар жасаған әрбір істерінің дұрыс екендігін дәлелдеу үшін өздерінен басқа мұсылмандарды мұсылманға санамады. Осылайша, өздерінің ойынша мұсылманды емес, кәпірді өлтірген болып есептелетін. Өйткені ислам дінінен бұрынғы қараңғылық кезеңіндегі «менің тайпамнан болмаған мен үшін жау» секілді ұраны, ислам дінін қабылдағаннан кейін «тайпамнан» сөзі, «дүниетаным», «идеология» сөзімен алмасып, «менің дүниетанымымнан болмаған мен үшін жау» сөйлеміне өзгереді. Ислам туралы сөз қозғағанда ең негізгі мәселелер сенім төңірегінде туындаған. Дәл осы иман мәселесіндегі проблеманы харижиттер алып келген болатын [5, 43 б.].

Мұсылмандардың әмірі Оспан 49 күн бойы үйін қоршауға алған бүлікші мұсылмандардың қолынан 656-жылы жылы қайтыс болады [4, 411 б.]. Мәдинадағы мұсылмандардың көбісі «Оспанның өлтірілуіне қарсы болмады. Егер оның өлтірілуіне қарсы болса, не үшін Оспанды қорғамады? Оспан сол мәдиналықтардың арасында еді және жасырын түрде өлтірілген жоқ» [6, б.180] деген секілді көзқарас пайда болады. Бұл жағдайға баса назар аударған Ибн Араби: «Оспанды өлтіруге мың шақты адам келді. Бұлар болса қырық мың мұсылманды жеңе алмайтын еді» деп пікір айтады [7, 165 б.]. Мәдиналықтардың Оспанды аман алып қалмауы мұсылмандардың оның басшылығына разы болмағанын аңғартады. Ал қаза болған халифаны 4-7 адамның ғана жерлеуі тіпті таң қаларлық жағдай [4, 439 б.]. Өйткені Мәдина қаласындағы мұсылмандардың саны 100.000 бола тұра, тірі кезінде жәннатпен сүйіншіленген, мұсылмандардың әміршісі болған сахабалардың бірі Оспанды жерлеуге өте аз адамдардың қатысуы сол кезеңдегі жалпы жағдайды суреттеп беріп тұрғандай. Оспанның өлтірілуімен Ислам қоғамында фитна есігі мәңгілікке жабылмастай ашылды. Оспанның өлтірілгеннен кейін мұсылмандар төрт топқа бөлінді: Әлидің жақтастары, Оспанның жақтастары, бейтараптар мен туындаған мәселеге байланысты шешім айта алмағандар.

Мұсылмандар арасындағы соғыстардың (Жамал мен Сыффын) нәтижесінде, сонымен қатар төрелік мәселесіндегі «Үкім беру Аллаға ғана тән» ұранымен Әлиден бөлініп шыққан алғашқы саяси топ Харижиттер болды. Исламның саяси тарихында жаңа парақ ашқан Харижиттік қозғалысы Әлиді «тәуба етуге» шақырды. Оған: «Егер тәубаға келетін болсаң, сенің жағыңа өтеміз» деді. Алайда Әли бұлардың айтқанымен келіскен жоқ. Харижиттер болса Куфаға бармай Харура деп аталған жерде жиналды, ол жерден Нахилаға барып, Абдулла б. Уәһб ар-Расибиді басшылары етіп сайлады. Бөлінген бұл мұсылмандарды Ислам тарихшылары мен мазхаб зерттеушілері «Хауариж» деп атады. Олар әділетсіздікке қарсы шыққандарын айтып, іс-әрекеттерінің туралығын Құрандағы «Кімде-кім Алла жолында хижрет етіп қоныс аударса, жер бетінде көптеген қоныс тебер тұрақ тауып, молшылыққа кенеледі. Ал кімде-кім Аллаға және расулына қауышу (яғни, олардың разылығына бөлену) мақсатында қоныс аударып (дінсіздер жайлаған жерден) үй-жайын тастап

шығып, жол-жөнекей ажалы жетіп өлсе, сауабын бір Алланың Өзі берері сөзсіз...» мазмұнындағы Ниса сүресінің 100-аяты мен «(Мұхаммед с.а.с.) егер Алла сені (Тәбүктен Мәдинадағы соғысқа бармай қалған) мұнафықтар тобына қайтарып апарса, олар сенен (соғысқа) шығуға рұқсат сұраса: «Әсте менімен бірге шықпайсындар да менімен бірге қоштадыңдар. Ал енді артта қалушылармен бірге отырындар» де» сарындағы Тауба сүресінің 83-аятымен түсіндірді. Саяси оқиғалардың нәтижесінде пайда болған Харижиттер діни насстарды (қайнарларды) саяси мүдделері бойынша түсіндіруге тырысты.

Үлкен күнә мәселесі

Халифа сайлауда төреліктің шешімімен келіскен Әлидің үлкен күнә жасағанын алға тартқан алғашқы Харижиттер, халифа болған Әлидің күпірлікке түсті деп ұйғарды. Алғашында айыптау Әлиге бағытталған болса, уақыт өте келе, бұл түсінік кеңейіп, Харижиттердің көзқарасын ұстанбаған барлық адамдарға бағытталды. Бүкіл Харижи ғырқалары (тармақтар) үлкен күнә жасағандардың кәпір болғанына байланысты бірдей көзқараста болғаны секілді, Али б. Әбу Талибті төрелікті қабылдағандықтан күпірлікпен айыптауымен біріктірді [8, 203 б.]. Алайда Әлидің күпірлігінің ширк немесе ширк емес деген мәселеде түсініспеушілікке бой алдырды. Үлкен күнә жасаған құлдың кәпір болатындығын айтқан алғашқы Харижиттер Әли, Оспан, Талһа, Зубайр мен Айшаны да күпірлікпен айыптады. Өйткені олардың ойынша, үлкен күнә мен күпірліктің дәрежесі тең.

Харижиттердің ойынша иман жүрекпен бекітіп, тілмен айту және амалмен көрсетуден тұрады. Осы үшеуі біріккенде ғана иман толық болады. Яғни адамда осылардың біреуі болмаған жағдайда, ол мұсылман санатына жатпайды. Олардың ойынша жүрекпен бекіту – адамның мұсылман болуына жеткіліксіз. Мұсылман немесе кәпір болу адамның өз амалына қарай шығады. Харижиттер иманды осылай түсіндіргенде, Ібілістің Алланы біліп, танып, сенсе де, Адамға сәжде қылмай, үлкен күнә жасағанын, сондықтан кәпір болғанын дәлел ретінде келтіреді [9, 134 б.].

Халифалық мәселесі

Төрелік мәселесінен кейін Әлидің әскерлерінен бөлініп шыққан топ, өздерінің тәжірибелеріне қарай имамат (халифалық) теориясын дамытты. Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейінгі алғашқы халифа сайлауда айтылған халифаның Құрайыш тайпасынан болу керек деген дәстүрге қарсы, Құрайыштың беделді өкілдерінің бір-бірлерімен келіспеушілігін пайдаланып, Құрайыш тайпасынан басқа тайпа мүшесі де халифа бола алатындығын айтқан алғаш Харижиттер еді. Ислам діні келместен бұрынғы араб қоғамында надандық дәуірі болғаны тарихтан мәлім. Исламнан бұрынғы Араб түбегінде әр тайпаның ақсақалдарынан құралған мәжіліс бар еді. Әрбір араб өз тайпасынан болмаған адамға басын имеген. Бұл тұрғыдан Ислам діні пайда

болуымен тек тайпалық жағынан келгенде Мұхаммед пайғамбарға қарсы болғандардың бар болғаны секілді, мұсылман болмаса да оны қолдаған адамдардың да болғандарын атап өтуіміз қажет.

Құран арабтардың осы тайпалық дүниетанымына соғыс ашты. Тайпа мен руға бөліну бір тайпаның екінші бір тайпадан үстем бола алмайтынын көрсетті. Тайпалық құндылықтардың орнына мұсылмандық бауырластық негіздерін алып келді. Алайда Мұхаммед пайғамбар кезеңінде де сахабалар арасында тайпалық мәселеге байланысты түсініспеушіліктер болды. Дегенмен де тікелей Мұхаммед пайғамбардың бастамасымен бұл даулар өз шешімін тауып отырды. Мұхаммед пайғамбар дүниеден өткеннен кейін Исламнан бұрынғы саяси құндылықтардың сахабалар арасында қайта бас көтергенін көреміз. Бұл секілді жағдайдың себебі, саяси мәдениет тарихының әлдеқайда терең тамыр жаюында болса керек. Жоғарыдағы саяси оқиғаларды ескере отырып, Харижиттер Мұхаммед пайғамбардан кейін пайда болған оқиғалардың нәтижесінде Әбу Бәкір мен Омардың билігін адал, Оспанның алғашқы алты жылдық халифалығы мен Әлидің төрелік мәселесіне дейінгі халифалығын мойындап, бұлардан кейінгі кезеңдерді мойындамады. Бір сөзбен айтқанда, өздеріне ынғайлы кезең мен адамды қабылдап, дүниетанымдарына кереғар тұлғалар мен оқиғаларды теріске шығарып отырған [10, 51 б.].

Харижилік дүниетанымы

Халифаның әскерінен бөлініп шыққан Харижиттердің, орналасқан аймақтарын, өмір сүру салтын, әлеуметтік және мәдени құрылымын зерттегенде, бұл қозғалыстың негізінде дүниетаным мәселесінің жатқанын көруге болады. Харижи көзқарастағылардың ішінде мәдениеті өте төмен адамдардың болуы кездейсоқ емес. Олардың мінез-құлықтарында, оқиғаларға тар шеңберден қарайтын дүниетаным формасы басым болған. Қысқасы, бұл алғашқы Харижиттердің барлығы күмәнсіз бәдәуи арабтар болған [11, 106 б.].

Харижиттер көзінде халифа мұсылмандарды әрдайым қорғаушы күшке ие, ал мұсылман үмбеті Жаратушы тарапынан билеушіні таңдауға берілгендігін айтады. Харижиттер бұл мәселеде сүнниттермен келіседі. Олардың арасындағы айырмашылық – сүнниттікте халифті қоғамның барлық мүшелері емес, тек дін мен шариғат мамандары ғана сайлай алатын болса, харижиттікте халифті бүкіл халық сайлай алады [12, 123 б.].

Ибн Жаузи, Мұхаммед пайғамбарға олжаларды үйлестіру кезінде «әділетті бол, ей Расулулла» деп ескерту жасаған бәдәуидің алғашқы харижи болғанын айтады. Ибнул Касир де харижилік ағымының дүниетаным мәселесінен шыққанына назар аударады. Ибн Хазм болса, Харижиттердің бұрынғы басшылары бәдәуи болғандарын айтып, олардың арасында ешқандай факих, ғалымдардың болмағанын көрсетеді. Бәдәуилер Исламнан бұрынғы негізгі мінез-құлықтарын сақтау арқылы діни және саяси түсініктеріне өз іздерін қалдырды. Олар насстарды бәдәуи мәдениеті негізінде түсіндірді. «Үкім беру Аллаға ғана тән» деген ұраны олардың тілінде, шешімді қы-

лышпен орындамаса, өз мәнін жоғалтады дегенді білдіреді. Олар адамдар көп шоғырланған жерлерге, базарларға барып, «Үкім беру Аллаға ғана тән», – деп, мұсылмандарды қылышпен шауып өлтіретін. Фыких және мазхаптар тарихы саласының ғалымы Малати айтқандай, «өлмей тұрып өлтіретін еді». Харижиттердің бұл әрекеттерін жапон ғалымы, исламтанушы Идзуцу былайша баяндайды: «Мұсылмандарды Исламның таза, пәк қалпын сақтап қалу үшін өлтіреді, ал тірі қалатындар яхуди, христиан мен мажусилер болады», – деген. Өйткені Харижиттердің қолынан тек мұсылман емес екенін дәлелдегендер ғана аман қалатын.

Харижи қозғалысы мұсылмандардың арасында үлкен, саяси оқиғаларды тудырды. Олар Ислам атымен басқа дін өкілдеріне тиіспей, мұсылмандарды ғана өлтірді. Мұсылмандарға деген жеккөрушіліктің өршіп кеткені сонша, олардың балиғат жасқа жетпеген балалары діни амал жасау жауапкершілігінен босатылса да, өлтіруге рұқсат берген.

Бастапқыда саяси көзқарастар алуандығы нәтижесінде пайда болған, кейіннен діни сипат алған, өздерінің көзқарастарын мойындамаған бүкіл мұсылмандарды «кәпір» деген Харижиттерді бір ғана мазхаб ретінде санауға болмайды. Негізінде Харижилікті оқиғаларға деген көзқарас, яғни дүниетаным ретінде қарастыру керек. Бұл дүниетаным Харижи ғырқасының жақтастарымен шектелмейді. Харижи ағымын нақты бір кезеңге апарып тіреу қате болар. Бүгінгі таңда да мұсылмандар арасында Харижиттермен көзқарасы бірдей адамдар бар. Бұлардың көбінесе Ислам дініне қызмет етпей, Исламға қарсы күресіп жатқаны мәлім.

Алғашқы кезеңде пайда болған Харижиттерді ғибадатқа берілген, тақуа иелері мен соғыстан және өлімнен еш қорықпайтын, Құранды тура мағынада түсініп, жаттауларымен, насстарда жазылған сөйлемдердің түпкілікті мағынасына жүгінбей, сөзбе-сөз түсінетін сипаттарымен тануға болады.

Харижиттер бойынша иман – иман мен амалдан құралған. Басқаша айтқанда, амалдар – иманның бір бөлшегі. Ғибадаты кем болғанның немесе күнә жасағанның иманы кем. Осылайша ғибадат пен басқа да діни амалдарды иманның бір бөлшегі ретінде қабылдағандықтан, ғибадаттарын немесе кейбіреулерін орындамаған мұсылманның діннен шыққанын, сондай-ақ, күнә жасаған адамның кәпір болғанын айтады. Иман ғибадат жасаумен өсетіні секілді, күнәлар себебімен де кемиді. Бір мысқалы кем иман адамды жаннатқа алып бара алмайды. Олай болса бұл адам кәпір болады. Исламға кіріп, кейіннен күпірлікке бой алдырған адамның (муртад) өлтірілуі керек. Сондықтан күнәһар мұсылмандардың өлтірілуі уәжіп болып саналады.

Харижиттердің зорлық-зомбылықты заңдастыру жолдары

Харижиттер «әмр бил-мағруф» және «жиһад» негіздеріне сүйеніп Ислам атынан зорлық-зомбылық пен террордың негізін қалаған болатын. Негізінде «жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю» принципі Исламның әрбір мұсылманға жүктеген міндеті. Құранда: «Сендер адам баласы үшін

игілікті әмір етіп, қарсылықтан тыятын, сондай-ақ Аллаға сенетін қайырлы бір үмбетсіздер» тәрізіндегі Әли-Имран сүресінің 110-аяты болумен қатар, Мұхаммед пайғамбардың да: «Сіздердің араларыңызда жамандықты көрген оны қолымен түзесін, күші жетпесе тілімен түзесін, бұған да күші жетпесе жүрегімен қарсы болсын, бірақ бұл иманның ең әлсізі» хадисі бар. Жалпы мұсылмандар осы аят пен хадисті негізге ала отырып жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыюға тырысады. Бұл жалпыға ортақ міндет болуына қарамастан, Харижиттер мен бұлардың ықпалында қалған ғырқалар бұл принципті жүзеге асыруында әралуандылық туғызады.

Өздерінің дүниетанымын қолдамағандарды өлтіріп, өзге дін өкілдеріне мейірімділік танытқан Харижиттер туралы әдебиеттерде, бір топ Харижиттер христиан дінінің өкілі болған адамнан құрма алғысы келді. Христиан: «Алыңыз» - деді. Харижиттер болса, «Алланың атымен ант етеміз, мұны тегін алмаймыз» - деп жауап береді. Таң қалған христиан: «Түсінбедім, Абдулла б. Хаббаб секілді мұсылманды өлтіресіз де, біздің құрмамызды ақшасын бермей алмайтындығыңызды айтасыз» - дейді. Екінші бір әдебиетте тағы Харижиттерден бір топ адамдар, жолда кетіп бара жатып бір мұсылман мен христианды ұстап алады. Мұсылманды өлтіріп, христианды тиіспейді. Басқа бір риуаят бойынша Абдулла б. Хаббабты және жүкті әйелін өлтіргеннен кейін бір Харижи, ағаштан түскен бір құрманы аузына салады. Ол «құнын төлемеген бұл құрманы қалай жейсің?» деп, достары тарапынан өлтіріледі.

Тәкфірліктің Ислам тарихындағы алғашқы көрінісі: Харижилік

Мұсылмандар тәкфіршілдіктің теріс, проблемалық тұстары көбінесе тарихтағы Харижилік тәжірибесімен байланыстырады. Сыффын соғысынан (657 ж.) кейін пайда болған Харижиттер төртінші халифа болған Әлиден бастап бірнеше ғұламалар мен басшыларды күпірлікпен айыптаған, кейіннен Әлиді өлтіріп, бірнеше ғасырға созылған фитна мен анархияның туындауына себеп болған.

Көбінесе бадия (бәдәуи) деп аталған, шөлейт аймақтағы халықтардан құралған алғашқы Харижиттер тобы Мекке мен Мәдинадағы сахаба мен табиғин ұрпақтарының алған Ислами білімдерден мақұрым қалған адамдардан құралды. Жоғарыда атап өткеніміздей, амалды иманның бір бөлшегі ретінде қарастырғандықтан, «амр бил мағруф уә нахи анил мункар» (жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыю) принципін тек «қолмен, әрекетпен», яғни іс жүзінде жасау деп ойлайды. Өздерімен келіспеген мұсылмандарды күпірлікпен айыптап, мал-жандарын тартып алу мен ұл-қыздарын құл мен күң ретінде пайдалануды жиһад болғанын айтады.

Харижиттердің басқа бір ерекшелігі, көбінесе мұсылмандарды нысанға алады. Исламның алғашқы ғасырларына көз жүгіртетін болсақ, Харижи топтарының тек мұсылмандармен айқасқанын және мұсылман еместерге тиіспегенін көруге болады. Харижиттер, алдымен, ішкі мәселелердің шешілуіне баса назар аударған. Харижиттердің Исламнан бұрынғы өмір

шарты «біздер және басқалар» қағидасында болса, Исламды қабылдағанда бұл түсінік олардың дүниетанымынан өше қойған жоқ. Өздері басқарған аймақтарды «Дарул-Ислам» деп жариялап, басқа мұсылмандарды «Алланың үкімдері жүзеге асқан» жерге хижрет жасауға шақыратын. Өздері иелік етпеген жерлерді «Дарул-Харб» деп атап, бұл жердің халқы Харижилік террордың тікелей нысанына айналды [13].

Харижиттердің негізгі сенімдік көзқарастары

1. Насстарға тәуелділік

Харижиттер мұсылман үмбетінің Құранға сүйену керектігін айтады. Олардың ойынша Құран – жалғыз заңдылық. Құранда баяндалған үкімдерге байланысты ешбір тәуил (түсіндірме) мен тәпсір жасалмауы қажет. Ол сенімдік және амалдық тұрғыдан өмірде керек болған жалғыз құрал. Құран – ол жарғы, белгілі бір жүйеге қажет болған тәртіп жинағы. Құрандағы аяттарға қалай жазылған болса, сол қалыпта амал етуді парыз дәрежесінде санаған. Бұл оларды Құранды өздеріне ыңғайлы етіп түсіндіруге соқтырды.

2. Әділет

Харижиттер өте қатаң әділет түсінігіне ие. Құранды тек өздері түсінгендері бойынша түсінгенде ғана тура жолмен жүретіндігін айтады. Алланың әділдігі абсолютті, ешқашан зұлымдық жасамайды. Оның жіберген үкімдері де зұлымдықтың алдын алып, әділдікті орнатады. Сол үшін әлемде әділдікті орнату үшін Құранның үкімдерін орындау парыз. Басқаша сөзбен айтқанда, әділдіктің орнауы Алланың әмірін орындап, тыйымдарынан алшақтау арқылы жүзеге асады.

3. Имамдық

Әділдікті орнату үшін ең күшті мақам – халифалық (имамдық) мақамы. Сондықтан халифа мұсылман, әділ, ғалым болуы шарт. Харижиттер, жоғарыда аталғандай, Әбу Бәкір мен Омардың, Оспанның алғашқы алты жылы мен Әлидің төрелік мәселесіне дейінгі кезеңін мақұлдап, Оспан халифалығының екінші алты жылдығы, Әлидің төрелік мәселесінен кейінгі жылдарын, Жамал соғысына қатысқандары үшін Айша, Талһа мен Зубайрды, Муғауияны, Әбу Муса әл-Әшғари мен Амр ибн әл-Асты күпірлікпен айыптайды.

Харижиттердің ойынша халифаның Құрайыш тайпасынан болуы шарт емес, қара нәсілді адам болса да имам болу мүмкіндігін алға тартады. Оның мұсылман болуы жеткілікті. Мұны да халықтың сайлауы айқындайды. Мұсылмандар өз еріктерімен өз халифаларын тағайындау керек және бұған бүкіл мұсылмандар қатысу қажет. Сайланған халифа Алланың әмірлерін бұлжытпай орындауға мәжбүр. Егер орындамаған жағдайда оның азапталуы мен өлтірілуі уәжіп болады.

4. Иман-амал байланысы

Жоғарыда айтылғаны секілді Харижиттер саяси себептермен пайда болды. Олар үшін маңызды мәселе болған халифалық таққа отырған адамның жағдайы. Алайда бұдан кейінгі кезеңдерде Харижиттер иман мен амал

арасындағы қарым-қатынас пен байланыс тақырыбы аясында сөз қозғады. Иманның бір бөлшегі ретінде амалды санағандықтан, Алла бұйырған амалдарды (намаз, ораза, зекет т.б.) жүзеге асырмаған және тыйымдарға құлақ аспаған адамның мұсылмандығында күмән тудырған. Бұл мәселені ескерер болсақ, Харижиттер «муртакиб кабира», яғни үлкен күнә жасағанның діннен шыққанын, күпірлікке кіргенін, дереу тәубаға келмеген жағдайда өлтіру керектігін алға тартады. Харижиттер әрбір күнә жасағанның кәпір болғанын айтқандықтан, күнәнің кіші-үлкеніне қарай бөліп жармайды.

5. Тәкфір/Күпірлік

Харижиттер Құраннан кейбір аяттарды дәлел ретінде көрсетіп амалды иманның бір бөлшегі ретінде санаған. Сондықтан өздерін басқа мұсылман топтарынан оқшаулап, өздері секілді ойлағандарды мұсылман, ал басқаларын күпірлікпен айыптаған.

Дәлел ретінде алға тартқан аяттарының кейбірі төмендегідей:

1. «Онда ашық белгілер, Ыбраһымның (а.с.) мақамы бар. Сондай-ақ кім оған (Байтулла) кірсе, аман болады. Оның жолына шамасы келген кісілер, Алла үшін Қағбаны зиярат ету (қажылық) керек. Ал кім қарсы келсе, Алланың ешбір мұқтаждығы жоқ, ол барлық әлемнен бай» (Әли-Имран сүресі, 97-аят). Бұл аятта қажылықты мойындамағанды Алланың кәпір санағанын алға тартады.

2. «... Кім Алланың түсіргенімен үкім етпесе, міне солар нағыз кәпірлер» (Майда сүресі, 44-аят). Олардың ойынша, әрбір күнә істеген Алланың түсіргенінен басқа бір нәрсеге амал жасаған болады, сондықтан кәпір ретінде санайды.

3. «Қиямет күні кей беттер ағарып, кей беттер қараяды. Сонда қара беттерге: «Иман келтіргеннен кейін қарсы келдіңдер ме? Ендеше, қарсы келулерің себепті азапты татындар!», - делінеді» (Әли-Имран сүресі, 106-аят). Харижиттер күнә істегеннің жүзін ақ емес қара болатындығын айтып, бұл аяттың жіктелуіне қарай «кәпір» санаған.

4. «Ол күні кейбір жүздер жарқын болмақ. Күлім қаққан, қуанышты болмақ. Сондай-ақ, ол күні шаң-тозаң мен топыраққа бөккен жүздер, қараңғыға батып, түнерген жүздер де болады, Міне, солар ардан безіп, күнәға белшесінен батқан кәпірлер!» (Абаса сүресі, 38-42-аят).

6. Амр бил Мағруф уа нахи анил-мункар

«Жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтару» болған бұл принципті Харижиттер өздері секілді ойламағандардың күпірлікке кіргендерін айтқандықтан олардың дереу тәубаға келуді және қайтадан Исламға шақырылу керектігіне сенген. Сондықтан төрелік мәселесінен кейін Әлиді тәубаға келуге шақырған. Жасаған күнәсі үшін діннен шыққан адам қайтадан тәубаға келмей өлетін болса, толық болмаған иманмен жаннатқа кіре алмайтындығын және кәпір ретінде тозаққа баратындығын айтқан.

7. Шапағат

Харижиттер Ислам тарихындағы Муғтазила ағымы секілді шапағатты мойындамайды. Ибну Әбил Изз, Тахауи ақидасының шархын жасағанда шапағат мәселесіндегі көптеген риуаяттарды атап өтеді. Әһли Сүннеттің

Мұхаммед пайғамбардың шапағатының үмбетінен үлкен күнә істеп тозақ отына кірген адамдар үшін болғанына сенгенін айтады. Сонымен қатар риуаяттарда Әбу Яғланың Оспаннан риуаятпен хабар берген бір хадисте Алла елшісінің былай айтқанын жеткізеді: «Қиямет күні үш түрлі адам шапағат жасайды: Пайғамбарлар, ғалымдар мен шахидтер» Олар бұл шапағаттың арқасында тозақ отынан шығарылады.

Ибн Ханбалдан Айман эз-Заухариге дейінгі идеологиялық ілімдердің мазмұнын талдауға сүйене отырып, олардың доктриналық түсіндірмелері «таза ислам» қалпына келгенге дейін исламды бүкіл «жаңашылдықтан» тазарту талабына негізделген деп қорытынды жасауға болады. Ал бұл тек анықтамаларында ислам дұшпандары деп аталған (кәпір, мушрик, жолдан тайғандар мен екіжүзділер) адамдарға қарсы қарулы жихад жүргізу арқылы жүзеге асады [14, 202-216 бб.].

Қорытынды

Қорыта келе, жоғарыда аталған сенім (ақида) қағидаттарын ескерер болсақ, Харижиттер өздерінің дүниетанымын мойындамаған мұсылмандарды әрдайым күпірлікпен айыптап, жасамаған амалдарына байланысты Ислам діні шеңберінен шығарып отырғанын атап өтуіміз қажет. Исламның бауырластық, теңдік, еркіндік, әділет секілді әлеуметтік-ахлақтық қағидаттарынан мақұрым қалғандары себебінен бірнеше басшылармен күрескен Харижиттер, өз дүниетанымдық түсініктеріне сай құрған ахлағымен, діни терминдік жолдарымен үлкен қоғамның құндылықтарымен күресті. Сонымен қатар, тек өздерінің ғана ақиқаттың өкілі болғандарын және өздерінің ғана дұрыс шешім қабылдағанын діни қайнарлармен қуаттаған Харижиттер, өздері секілді ой жүгіртпеген адамдардың барлығын дұшпан санап, бұларға қарсы, мүмкіндік туған кезде, әрдайым соғысып отыру принципін сенім негіздерінің басты заңдалықтарына қосты. Өздерінің қатарынан болмаған басшыға діни дәлелдерді қолдану арқылы әртүрлі айлалармен бүлік шығару – Харижилік идеологияның негізгі сипатына айналды. Бұл секілді идеологиялық көзқарас, өздерінен болмаған адамдарды күпірлікпен айыптап, дүние-мүлкін тартып алу, өлтіру, әйел мен қыздарын күң ету, ұл балдарын мушрикке шығарып өлтіру арқылы ұрпағын тоқтату әрекеттерін жасатуда. Өздерінің қатарынан болмағандарды мушрик санап және бұл жолда әртүрлі зорлық пен зомбылық әрекеттерге баруды Аллаға жақындаудың бірден бір жолы ретінде түсінген Харижиттердің мұсылмандарға көрсеткен зұлымдықтары, олардың дүниетанымының жүзеге асыру әдісі мен формалары, бүгінгі таңда радикалды топтардың ішінде жалғасқанын көре аламыз.

Бүгінгі таңда «неохарижиттер» деп атай алатын салафилік дүниетанымның Орта Азия аймағына таралуына себеп болған екі факторға назар салар болсақ, бірі тәуелсіздіктен кейінгі кезеңнің экономикалық, рухани жағдайының Ислам әлеміне әсері болса, екіншісі дәстүрден бізге жеткен

діни дүниетаным ретінде айта аламыз [15, 8 б.]. Сондықтан бұл себептерді ескере отырып, елдің діни тұрақтылығын сақтау мақсатында Харижиттерді бір мазхаб ретінде емес, идеология жүйесі ретінде қарастыру қажет. Өйткені тарихта аты мен заты өшкен түрлі ағым мен ғырқалар бар. Ал мазхаб пен ғырқаның сенімінің негізін құраған идеологиялық жүйе – мәңгілік.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ekrem Ziya Umeri. Sahih Rivayetlere Göre Dört Halife Dönemi. Beka Yayınları, Çev. Kasım Koç. – İstanbul, 2018. – 432 s.
- 2 Царегородцева И.А., Ибрагимов И.Э. Современный салафизм: генезис, историография и типология движения (на примере Египта и Туниса) // Исламоведение, Т.9, №3. – 2018. – с. 5-18.
- 3 Васильев В.В., Асадуллина Г.Р. Идеологические основы радикального направления в современном исламе // Бюллетень науки и практики. Электрон. журн. Т.4. №1. – 2018. – с. 368-372.
- 4 Әбу Жағфар Мұхаммед б. Жарир Табари. Тарихул-Умәм уәл-Мулук. – Каир, 1939.
- 5 Нурбекова Ж.А., Жаназарова З.Ж., Рыскулова М.М. Значение религии в современном Казахстане: Социологический анализ // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Социологические и политические науки», №1 (57). – 2017. – с. 42-46.
- 6 Muhammed K. Ebu Sa'd Muhammed b. Said al-Azdi al-Kalhatiye Göre Hariciliğin Doğuşu, ауд.: Ә.Р. Фығлалы // Ankara Üniversitesi İlahiyat fakültesi dergisi. – Ankara. – № (18). – 1970. – No: 1. – 177-191 ss.
- 7 Мұхаммед б. Абдулла б. Мұхаммед әл-Андалуси Ибн Араби. әл-Ауасим минәл-Қауасим. – Каир, 1967.
- 8 Әбул Фатх Мұхаммед б. Абдулкарим Шахристани. Китабул-миләл уән-Нихал. – Каир, 1947.
- 9 Талиби А. Әраул-Хауарижил-кәләмия. – Алжир, 1978.
- 10 Әбул-Хасан Али б. Исмаил Әшғари. Мақалатул Исламин уә Ихтилафул Мусаллин. – Стамбул, 1928.
- 11 Montgomery W.W. Islam and the integration of society. – London. Taylor & Francis Ltd, 1970. – 304 p.
- 12 Сулимов С.И., Черниговских И.В., Трегубова Д.Д., Халифат: анахронизм или потребность современности? // Ислам в современном мире. – №4. – 2016. – С.115-129.
- 13 Adnan Demircan. Haricilik mezhebinin doğuşu bağlamında din siyaset ilişkisi. – İstanbul, Beyan Yayınları, 2015 – 198 s.
- 14 Добаев И.П. К вопросу о религиозной чистоте «истинного ислама» // Гуманитарий Юга России. – 9 (43) №3. – 2020. – 202-215 с.
- 15 Mehmet Zeki İçsan. Selefilik: İslami Köktencilğin Tarihi, Kitap yayınevi. – İstanbul, 2017. – 312 s.

Transliteration

- 1 Ekrem Ziya Umeri. Sahih Rivayetlere Göre Dört Halife Dönemi [The Period of the Four Caliphs According to Authentic Narrations]. Beka Yayınları, Çev. Kasım Koç. – İstanbul, 2018. – 432 s.
- 2 Caregorodceva I.A., Ibragimov I.Je. Sovremennyj salafizm: genezis, istoriografija i tipologija dvizenija (na primere Egipta i Tunisa) [Modern Salafism: Genesis, Historiography

and Typology of the Movement (on the example of Egypt and Tunisia)] // Islamovedenie. – Т.9. – №3. – 2018. – С. 5-18.

3 Vasil'ev V.V., Asadullina G.R. Ideologicheskie osnovy radikal'nogo napravlenija v sovremennom islame [Ideological Foundations of the Radical Movement in Modern Islam] // Bjulleten' nauki i praktiki. Jelektron. zhurn. – Т.4. – №1. – 2018. – С. 368-372.

4 Əbu Zharfar Myhammed b. Zharir Tabari. Tarihul-Uməm uəl-Muluk. – Kair, 1939.

5 Nurbekova Zh.A., Zhanazarova Z.Zh., Ryskulova M.M. Znachenie religii v sovremennom Kazahstane: Sociologicheskij analiz [The Importance of Religion in Modern Kazakhstan: A Sociological Analysis] // Vestnik KazNPU im. Abaya, seriya «Sociologicheskie i politicheskie nauki». – №1 (57). – 2017. – С. 42-46.

6 Muhammed K. Ebu Sa'd Muhammed b. Said al-Azdi al-Kalhatiye Göre Hariciliğin Doğuşu, aud.: E.R. Fyglaly [The Birth of Kharijiteism According to Abu Sa'd Muhammad b. Said al-Azdi al-Kalhatiya] // Ankara Üniversitesi İlahiyat fakültesi dergisi. – Ankara. – № (18). – 1970. – No: 1, 177-191 ss.

7 Muhammed b. Abdulla b. Muhammed al-Andalusi Ibn Arabi. al-Auasim minal-Kauasim. – Kair, 1967.

8 Abul Fath Muhammed b. Abdulkarim Shahrstani. Kitabul-milal uan-Nihal. – Kair, 1947.

9 Talibi A. Araul-Hauarizhil-kalamiya. – Alzhir, 1978.

10 Abul-Hasan Ali b. Ismail Ashgari. Makalatul Islamiin ua Ihtilaful Musallin. – Stambul, 1928.

11. Montgomery W.W. Islam and the integration of society. – London. Taylor & Francis Ltd, 1970. – 304 p.

12 Sulimov S.I., Chernigovskih I.V., Tregubova D.D., Halifat: anahronizm ili potrebnost' sovremennosti? [Caliphate: Anachronism or Modern Need?] // Islam v sovremennom mire. – №4. – 2016 – С.115-129.

13 Adnan Demircan. Haricilik mezhebinin doğuşu bağlamında din siyaset ilişkisi [The Relationship Between Religion and Politics in the Context of the Birth of the Khawariism Sect]. – İstanbul, Beyan Yayınları. – 2015 – 198 s.

14 Dobaev I.P. К вопросу о религиозной чистоте «истинного ислама» [On the Issue of Religious Purity of “true Islam”] // Gumanitarnij Juga Rossii. – 9 (43). – №3 – 2020. – 202-215 s.

15 Mehmet Zeki İşcan. Selefilik: İslami Köktencililiğin Tarihi [Salafism: A History of Islamic Fundamentalism]. Kitap yayınevi. – İstanbul, 2017. – 312 s.

Ботакараев Б.К., Темирбаев Т.Т., Темирбаева А.А., Мадалиев Т.П.

Хариджиты и политический ислам: историко-идеологические основы радикальной мысли

Аннотация. Хариджизм – одно из течений, возникших в начале истории ислама и считающееся одним из первых примеров политического ислама. Событие Хакама, произошедшее после битвы при Сиффине между Али и Мугавией, проложило путь к рождению хариджитов. Эта группа выступила против принятия Али решения судьи как отклонения от основных принципов ислама. Хариджиты придерживаясь принципа, что «Суд принадлежит только Аллаху» (La hukma illa lilla), отвергали различные рукотворные политические решения и власти. Хариджизм – это не только политическое движение, но и религиозное мировоззрение. По их мнению, если мусульманский лидер несправедлив или действует вопреки правилам Корана, ему следует не подчиняться и при необходимости сражаться. Из-за такого строгого отношения хариджиты были исключены из мусульманской общины

и считались радикальной группой, пока не исчезли с лица истории. В то же время говорят, что хариджизм оказал глубокое влияние на теологические и политические дебаты в исламском мире. Со временем хариджизм раскололся на множество течений и заслужил свое место в истории как один из первых примеров политического сопротивления в исламском мире. Особенно по сравнению с сегодняшними радикальными движениями хариджиты являются важной опорой в понимании современной исламской идеологии.

Особое внимание уделено тому, что хариджиты формировали политическую оппозицию на ранних этапах ислама и влияли на дальнейшее развитие радикальных исламистских течений. В статье всесторонне рассматриваются основные причины возникновения движения хариджитов, его позиции и важные события, повлиявшие на его распространение. Цель исследования – проанализировать первоисточники о хариджитах, оценить их вклад в развитие политической мысли в исламе, а также определить, как их идеи повлияли на исламские движения в последующие века. Результаты исследования показывают, что хариджиты малочисленны и, хотя и увеличили число последователей за короткий период времени, они очень сильно повлияли на историю и политические процессы ислама.

Ключевые слова: Исламские течения, хариджиты, восстания, псевдосалафизм, неохариджиты.

Botakarayev B., Temirbayev T., Temirbayeva A., Madaliyev T.

Kharijism and Political Islam: Historical and Ideological Foundations of Radical Thought

Abstract. Kharijism is one of the movements that emerged early in the history of Islam and is considered one of the first examples of political Islam. The Hakam event that took place after the Battle of Siffin between Ali and Mughawiya paved the way for the birth of the Kharijites. This group opposed Ali's acceptance of the judge's decision as a deviation from the basic principles of Islam. The Kharijites, adhering to the principle that "Judgment belongs only to Allah" (La hukma illa lilla), rejected various man-made political decisions and authorities. Kharijism is not only a political movement but also a religious worldview. According to them, if a Muslim leader is unjust or acts contrary to the rules of the Quran, he should not be obeyed and, if necessary, fight. Due to this strict attitude, the Kharijites were excluded from the Muslim community and were considered a radical group until they disappeared from the face of history. At the same time, Kharijism is said to have had a profound influence on theological and political debates in the Islamic world. Over time, Kharijism split into many movements and earned its place in history as one of the first examples of political resistance in the Islamic world. Especially in comparison with today's radical movements, the Kharijites are an important pillar in understanding modern Islamic ideology.

Particular attention is paid to the fact that the Kharijites formed a political opposition in the early stages of Islam and influenced the further development of radical Islamist movements. The article comprehensively examines the main reasons for the emergence of the Kharijite movement, its positions and important events that influenced its spread. The purpose of the study is to analyze the primary sources about the Kharijites, assess their contribution to the development of political thought in Islam, and determine how their ideas influenced Islamic movements in the following centuries. The results of the study show that the Kharijites are small in number and, although they increased the number of followers in a short period of time, they greatly influenced the history and political processes of Islam.

Key words: Islamic movements, Kharijites, rebellions, pseudo-Salafism, Neo-Kharijites.